КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 мамыр Іс №7119-24-00-2/6052 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Kaz-Oil» жеке кәсіпкер
«СПЕКТР» жеке кәсіпкер
«Shymkent block» жеке кәсіпкер
«Trading PV» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Trading PV» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «Kaz-Oil» жеке кәсіпкеріне, «СПЕКТР» жеке кәсіпкеріне, «Shymkent block» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Trading PV» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Trading PV» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

«Kaz-Oil» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Kaz-Oil» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

«Shymkent block» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Shymkent block» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының «СПЕКТР» жеке кәсіпкерін жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья К.Б. Есибаев

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 31.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.07.2024, судья Бакишев А. Б., 02.08.2024

7119-24-3-1/5481